

Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1254 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2225 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.29 № 2225 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 150-бабы 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің ініціатива

2007

жылғы

21

желтоқсандағы

N

1254

қаулысымен

бекітілген

Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі

1. Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді салуды көздейтін жобалар, оның ішіндегі:

- 1) 250 оқушыға дейінгі жалпы білім беретін орта мектептер салу;
- 2) 300, 600, 900, 1000, 1200 оқушыға арналған орта мектептер салу;
- 3) 280 орынға дейінгі мектепке дейінгі балалар мекемелерін салу;
- 4) 500 оқушыға дейінгі мектеп-интернаттарын салу;
- 5) дәрігерлік амбулаториялар салу;
- 6) медициналық пункттер салу;

7) перзентхана бөлімшесі бар 180 төсекке арналған көп бейінді ауруханалар салу;

- 8) қоса алғанда 300 төсекке дейінгі көп бейінді ауруханалар салу;
- 9) қоса алғанда 200 төсекке дейінгі көп бейінді балалар ауруханаларын салу;

- 10) қоса алғанда 100 төсекке дейінгі ауылдық ауруханалар салу;
- 11) 60 төсекке арналған перзентханалар салу;
- 12) ауысымында 250 адам қабылдайтын аудандық емханалар салу;
- 13) ауысымында 500 адам қабылдайтын қалалық емханалар салу;
- 14) қоса алғанда 100 төсекке және ауысымында 150 адамға дейін қабылдайтын туберкулезге қарсы диспансерлер салу;
- 15) жылына 20000 литрге дейін дайындау көлемі бар қан орталықтарын салу;
- 16) ауысымында 100 адам қабылдайтын емханалары бар 60 төсек-орындық г о с п и т а л ь д а р с а л у ;
- 17) әскери қалашықтар аумағында пәтер үлгісіндегі 100 бөлмеге арналған Ү л г і ж а т а қ х а н а л а р с а л у ;
- 18) әскери қалашықтар аумағында үлгі 120 пәтерлік тұрғын үйлер салу;
- 19) қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін биіктігі - қоса алғанда 5 қабатқа дейінгі көп функционалды қоғамдық, сондай-ақ жеке тұрған әкімшілік, қызметтік-басқару және мәдени-ағарту ғимараттарын (бір мезгілде 300-ден а сп а и т ы н а д а м б о л а т ы н) с а л у ;
- 20) сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыш кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін - биіктігі қоса алғанда 3 қабатқа дейінгі көп функционалды қоғамдық, сондай-ақ жеке тұрған әкімшілік, қызметтік-басқару және мәдени-ағарту ғимараттарын с а л у ;
- 21) қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін - сыйымдылығы 300-ден аспайтын көрermenге арналған спорттық-ойын-сауық ғимараттары және залы б а р ж а б ы қ қ ұ р ы л ы с т а р с а л у ;
- 22) сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыш кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін - сыйымдылығы 100-ден аспайтын көрermenге арналған спорттық-ойын-сауық ғимараттары және залы бар жабық құрылыштар салу;
- 23) әскери қалашықтар аумағында қызмет көрсету күніне 240 адамға дейінгі Ү л г і сп о р т к е ш е н д е р і н с а л у ;
- 24) республикалық және облыстық маңызы бар аудандарда, қалаларда 320 адам өткізу қабілеті бар дene шынықтыру-сауықтыру кешендерінің объектілерін с а л у ;
- 25) тәулігіне қоса алғанда 100 жолаушыға дейінгі өткізу қабілеті бар темір ж о л в о к з а л д а р ы н с а л у ;
- 26) қоса алғанда 75 адамға дейінгі күту залдары бар сапаржайлар салу;
- 27) авиажолаушыларға қызмет көрсетуге арналған, сафатына қоса алғанда 75

жолаушыға дейінгі өткізу қабілеті бар әуевокзалдары мен әуежай терминалдарын с а л у ;

28) қоса алғанда 75 адамға дейінгі күту залдары бар теңіз және өзен вокзалдарын (жүзетін айлақтарды және дебаркадерлерді қоспағанда) салу;

29) сыйымдылығы 25 автомобильден аспайтын жеке тұрган бір қабатты (жер үстіндегі немесе жер астындағы) гараж-тұрақтарын салу.

2. Қоғамдық және әкімшілік мақсаттағы объектілерді салуды көздейтін ж о б а л а р , о н ы ң і ш і н д е :

1) облыс орталықтарында, Астана және Алматы қалаларында халыққа қызмет көрсетеу о р т а л ы қ т а р ы н с а л у ;

2) 30 жұмыс орнына дейін Қазақстан Республикасы салық органдарының ақпаратын қабылдау және өндіру орталықтарын салу;

3) аумақтық қазынашылық бөлімшелерін орналастыру үшін үлгі ғимараттар салу.

3. Үлгі жобалық шешімдерді қолдануды көздейтін құқық тәртібі, өрт, фито-санитарлық, ветеринарлық және өзге де қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі объектілер салуды көздейтін жобалар, оның ішінде:

1) желілік ішкі істер бөлімдерін орналастыру үшін 75, 150, 470 орынға арналған ғимараттар (кешендер) салу;

2) аудандық ішкі істер бөлімдерін орналастыру үшін 75, 150, 470 орынға арналған ғимараттар (кешендер) салу;

3) табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторлары үшін қызметтік к о р д о н д а р с а л у ;

4) табиғат қорғау мекемелерінің бақылау-өткізу пункттерін салу;

5) табиғат қорғау мекемелерінің өртті қадағалау мұнараларын салу;

6) табиғат қорғау мекемелерінің өрт-химия станцияларын салу;

7) түзеу мекемелерін қорғау жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілер салу;

8) генетикалық түрлендірілген организмдерді зерттейтін ветеринариялық з е р т х а н а с а л у .

Ескерту. З-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.28 N 1104 Қаулысымен.

4. Ауылдық елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін қайта жаңартуды көздейтін жобалар.

5. Автомобиль жолдарының қолданыстағы участеклерін қайта жаңартуды көздейтін жобалар.

6. Ғимараттар мен құрылыштардың сейсмикалығын күшеттуді көздейтін жобалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК